

«Педагогика және психология» мамандығы бойынша Атабекова Бақтыгүл Ботабековнаның PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Қазіргі қоғамның әлеуметтік - экономикалық қайта құрылуы барлық білім беру ұйымдары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту міндетін өмірлік маңызды қажеттілік ретінде алға тартты, өйткені елдің болашақ дамуы оның қалыптасу деңгейіне байланысты.

Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру қажеттілігі ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында басқа да білім беруді дамытудың мақсатты стратегиялық құжаттарында Елбасының, ҚР Президентінің халыққа арнаған Жолдауларында, «Педагог мәртебесі туралы» Заңда атап көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда Б.Б. Атабекованың зерттеу жұмысы көкейтесті мәселені көтеріп отыр деуге негіз бар.

Білім беру жүйесі үшін мамандарға негізгі тапсырыс беруші, жұмыс беруші – мемлекет болып табылады. Алайда, қазіргі уақытта ЖОО өз түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесімен өзі айналысады. Сондықтан жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда оқу орындары болашақ жұмыс берушілермен тығыз байланыста болып, олардың маманға қоятын талаптарына сай даярлауда жаңа жолдарды іздеулері қажет.

Диссертант Б.Б. Атабекова өз жұмысында көтеріліп отырған мәселені тиімді шешудің тетігі ретіндегі әлеуметтік серіктестіктердің болашақта жаңашыл, кәсіби құзыретті, бәсекеге қабілетті ұстаз даярлауға ықпалын қарастырады.

Зерттеуші диссертациялық жұмыс барысында теориялық, әдіснамалық, әдістемелік әдебиеттерді зерделеген. Диссертацияның түйінді ұғымдарының мәнін ашып, мазмұны мен құрылымын айқындаған. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ мамандарды даярлаудың шет елдік тәжірибесіне талдау жасаған. ЖОО мен әлеуметтік серіктестік ұйымдардың бірлескен әрекеті негізінде педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың құрылымдық – мазмұндық моделін құрып тәжірибеден өткізген.

Зерттеудің эксперименттік бөлігінде болашақ педагогтардың әлеуметтік серіктестік негізінде бәсекеге қабілеттілігін дамытудың әдістемелік жүйесі жасалынып, зерттеліп отырған сапаны дамытуға негіз болатын еріктілерден құрылған «Кемел» ресурстық орталығы жұмысының жасалған бағдарламасы тәжірибеден өтіп, тиімділігі дәлелденген. Тәжірибелік–эксперименттік жұмыстардың нәтижелері, өзгеру динамикасы келтірілген.

Зерттеу барысында әзірлеген ЖОО оқытушыларына арналған әдістемелік құрал жұмыстың практикалық құндылығын көрсетеді.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитетінің тізіміндегі басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 12 жарияланым.

Зерттеу жүргізу барысында диссертант өзін дербес, сауатты, мүдделі, білімін тәжірибеде қолдана алатын, ғылыми еңбекке қабілетті ізденуші ретінде көрсете білді.

Диссертант Б.Б. Атабекованың **«Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту»** тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп санаймын. Ал оның авторы «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор

